

**"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы № 198 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 12 тамыздағы № 621 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі  
актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы № 198 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 14) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 33-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

2-тармақтағы, 12-тармақтағы, 17-тармақтың үшінші бөлігіндегі және төртінші бөлігінің 1) тармақшасындағы, 31-тармақтың 2-бөлігіндегі, 32-тармақтағы, 35-тармақтағы, 36-тармақтағы және 5-тараудың тақырыбындағы "өтініш", "өтініштер", "өтінішке", "өтінішін", "өтінішті", "өтініштерді" деген сөздер тиісінше "өтінішхат", "өтінішхаттар", "өтінішхатқа", "өтінішхатын", "өтінішхатты", "өтінішхаттарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 19-бабының 4), 5) тармақшаларына және 33-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қызметінің тәртібін айқындайды.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Азаматтыққа және саяси баспана беруге байланысты мәселелер жөніндегі материалдарды қарауды Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Комиссия жүзеге асырады.

7. Комиссия құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.";

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Комиссия төрағадан, оның орынбасарынан, Комиссияның хатшысы мен өзге мүшелерінен тұрады. Комиссияны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі басқарады. Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Комиссия төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік құқық бөлімінің меңгерушісі хатшысы болып табылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Комиссия отырыстарында Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы қатысып, талқыланатын мәселелер бойынша сөз сөйлей алады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі";

17-тармақтың екінші бөлігінде:

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"басқа мемлекеттің құзыретті органы берген бұрынғы азаматтығының жоқтығы немесе оның тоқтатылғаны туралы анықтама";

мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайтын көлемде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін, сондай-ақ Қазақстан тарихын білуін растайтын сертификат қоса беріледі.";

18-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Елден тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы азаматтықтан шығу туралы Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі арқылы мыналарды қоса отырып өтініш береді.";

19-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"19. 18 жасқа толмаған, сондай-ақ іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға қатысты азаматтықты өзгерту мәселелері жөніндегі өтінішхатты олардың заңды өкілдері нотариат куәландырған, ал басқа мемлекеттерде – Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері куәландырған баланың тууы туралы

куәлігінің көшірмесімен (асырап алушылар, қорғаншылар және қамқоршылар жергілікті атқару органы шешімінің көшірмесін тапсырады) не іс-әрекетке қабілетсіз адамның жеке басын куәландыратын құжатпен бірге қоса береді.";

21-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың полиция департаменттері материалдарды ұлттық қауіпсіздік органдарының пікірімен қоса Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жібереді, ол өз қорытындысын жасайды және оны материалдармен бірге Комиссияның жұмыс органына ұсынады.";

22, 23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері ресімделген материалдарды өз қорытындысымен бірге Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жібереді, ол да Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келіскеннен және өз қорытындысын жасағаннан кейін оларды Комиссияның жұмыс органына ұсынады.

23. Азаматтықты өзгерту туралы өтініштер жөніндегі материалдарды қарау мерзімі жергілікті ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарында, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінде осы органдардың әрқайсысында бір айдан аспауға тиіс.

24. Қазақстан Республикасының Президенті азаматтық мәселелерді шешудің конституциялық құқығын өз қалауымен іске асырған жағдайда Комиссияның жұмыс органы ішкі істер органдарынан не Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінен тиісті құжаттарды, соның ішінде азаматтықты өзгерту туралы өтінішхатты талап етіп алдырады.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Саяси баспана беру туралы өтініштерді қарау тәртібі";

33-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелері және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері материалдарды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жібереді, ол Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жүгінген адамға саяси баспана берудің орындылығы туралы пікірлерін сұратады.";

34-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, оның аумақтық бөлімшелері немесе Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері осы тәртіп сақталмаған жағдайда мән-жай анықталғанға дейін материалдарды ресімдеуді тоқтата тұруға құқылы.";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Саяси баспана беру мәселесі жөніндегі шешімдердің орындалуы";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі немесе Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі саяси баспана беру туралы өтініш берген адамды Мемлекет басшысы қабылдаған шешім туралы хабардар етеді.";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Азаматтық және саяси баспана беру мәселелері жөніндегі шешімдерге шағымдану".

2. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ.Тоқаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК